«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін
Академиялық қызмет жөніндегі проректор
_____ А. Жұпанхан
«28» ___08___ 2026 жыл

Білім алушылардың межелік бақылауын өткізу және жіберу рейтингісін қою тәртібі

1. Ағымдағы үлгерімді бақылау

Ағымдағы бақылау (АБ):

- оқу сабақтарында (дәрістер, зертханалық және практикалық сабақтар);
- семестр бойы бакалаврдың оқытушымен өзіндік жұмысы (БОӨЖ), магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы (МОӨЖ), докторанттың оқытушымен өзіндік жұмысы (ДОӨЖ) шеңберінде жүзеге асырылады.

Барлық бағалар Platonus ақпараттық жүйесінің ағымдағы үлгерім журналына (АҮЖ) тіркеледі.

Сабақ түрлері бойынша бағалау нәтижелері орташа мән ретінде есептеледі:

$$\text{АБ}\mathbf{1}\ (\text{не АБ}\mathbf{2}) = \frac{\text{бағалардың қосындысы}}{\text{бағалар саны}}$$

Ағымдағы бақылау нәтижелері келесі межелік бақылауға дейін есепке алынады:
АБ1- МБ1-ге дейін
АБ2- МБ2-ге дейін

2. Жалпы ағымдағы бақылауды ($\text{АБ}_{\text{жалпы}}$) есептеу

Есептеу формуласы оқу пәні бойынша сабақ түрлерінің болуына байланысты. Коэффициенттер 1-кестеде көрсетілген.

Сабақтың барлық түрі қарастырылған жағдайда:

$\text{АБ1}_{\text{жалпы}}=\text{К}_1\times\text{АБ1(дәріс)} + \text{К}_1\times \text{АБ1(практика)} + \text{К}_1 \times \text{АБ1(зертхана)} + \text{К}_1 \times \text{АБ1(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)}$.

$\text{АБ2}_{\text{жалпы}}=\text{К}_1\times\text{АБ2(дәріс)} + \text{К}_1\times \text{АБ2(практика)} + \text{К}_1 \times \text{АБ2(зертхана)} + \text{К}_1 \times \text{АБ2(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)}$.

Зертханалық сабақтар қарастырылмаған жағдайда:

$\text{АБ1}_{\text{жалпы}} = \text{К}_2 \times \text{АБ1(дәріс)} + \text{К}_2\times \text{АБ1(практика)} + \text{К}_2\times \text{АБ1(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)}$

$\text{АБ2}_{\text{жалпы}} = \text{К}_2 \times \text{АБ2(дәріс)} + \text{К}_2\times \text{АБ2(практика)} + \text{К}_2\times \text{АБ2(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)}$

Практикалық сабақтар қарастырылмаған жағдайда:

$\text{АБ1}_{\text{жалпы}} = \text{К}_3 \times \text{АБ1(дәріс)} + \text{К}_3 \times \text{АБ1(зертхана)} + \text{К}_3\times \text{АБ1(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)}$

$АБ2_{жалпы} = К_3 \times АБ2(дәріс) + К_3 \times АБ2(зертхана) + К_3 \times АБ2(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)$

Дәріс пен зертханалық сабақтар қарастырылмаған жағдайда:

$АБ1_{жалпы} = К_4 \times АБ1(практика) + К_4 \times АБ1(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)$

$АБ2_{жалпы} = К_4 \times АБ2(практика) + К_4 \times АБ2(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)$

Практикалық және зертханалық сабақтар қарастырылмаған жағдайда:

$АБ1_{жалпы} = К_5 \times АБ1(дәріс) + К_5 \times АБ1(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)$

$АБ2_{жалпы} = К_5 \times АБ2(дәріс) + К_5 \times АБ2(БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ)$

Кесте 1. Өлшем коэффициенттері (К)

Сабақ түрі	**Өлшем коэффициенттері**				
	$К_1$	**$К_2$**	**$К_3$**	**$К_4$**	**$К_5$**
Дәріс	0,2	0,3	0,3	жоқ	0,5
Практикалық сабақ	0,3	0,5	жоқ	0,9	жоқ
Зертханалық сабақ	0,3	жоқ	0,5	жоқ	жоқ
БОӨЖ,МОӨЖ, ДОӨЖ	0,2	0,2	0,2	0,1	0,5

**Ескерту: егер сабақтың белгілі бір түрі қарастырылмаған болса, оның коэффициенті 0 деп есептеледі.*

3. Межелік бақылау

Межелік бақылау (МБ) – білім алушылардың тиісті пән бойынша оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерде өткізілетін оқу жетістіктерін бақылау нысаны.

Семестр барысында екі межелік бақылау (МБ1 және МБ2) өткізу көзделген.

Білім алушы **межелік бақылаудың (МБ) біреуі бойынша 0 балл алған жағдайда**, екінші межелік бақылау бойынша алған нәтижесіне қарамастан, **қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді**.

Мысал:

- **МБ1**-0 балл, **МБ2**-100 балл → емтиханға жіберілмейді.

$$\frac{МБ1 + МБ2}{2} \geq 50$$

Осылайша, білім алушы әрбір МБ бойынша баға (0 емес) алуы тиіс. Сонымен қатар, емтиханға жіберілу үшін МБ1 және МБ2 нәтижелерінің орташа балы кемінде 50 балл болуы қажет.

4. Бағалар және оларды қою мерзімдері

- Ағымдағы аптадағы бағалар келесі аптаның сәрсенбі күні сағат **23:59-дан кешіктірілмей** қойылуы тиіс.
- Межелік бақылау бағалары академиялық күнтізбеге сәйкес, яғни **межелік бақылау аптасының сенбі күні сағат 23:59-дан кешіктірілмей** қойылуы тиіс
- Баға белгіленген мерзімде қойылмаған жағдайда, тиісті апта үшін жүйе автоматты түрде **«0»** бағасын қояды және ол емтиханға жіберу рейтингісін есептеу кезінде **«0»** ретінде есепке алынады.

5. Баға саны

Дәрістер: семестрде 4 баға (соның ішінде МБ1 және МБ2).
БОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ: семестрде 2 баға.
Практикалық сабақтар: семестрде кемінде 10 баға.
Зертханалар : семестрде кемінде 10 баға.

6. Сабаққа қатысуы

- **«ҚН» (қарастырылмаған)** – білім алушының жеке оқу жоспарын қайта тіркеу кезінде баға қою қарастырылмаған барлық сабақ түрлері бойынша міндетті түрде қойылады. Сонымен қатар, бағалау жоспарланбаған апталарда да **«ҚН»** қойылады
- **«ҚП» (қатыспау)** – білім алушының сабаққа қатысуы QR-кодты сканерлеу арқылы немесе оқытушы тарапынан АУЖ-ге қойылады.

Ағымдағы үлгерім журналы мына жағдайларда ашық болады:

- дәлелді себептермен өткізіп алған сабақтарды өтеу үшін;
- орындалмаған тапсырмалар үшін қосымша балл есептеу.

Орындау мерзімі – келесі аптаның сәрсенбі күніне дейін.

Ағымдағы бақылауды есептеу кезінде «ҚП» бағасы «0»-ге теңестіріледі.

7. Дәлелді себептермен сабаққа қатыспауы

Денсаулық жағдайына байланысты оқу сабақтарына қатыспау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық ұйым берген емделу кезеңін растайтын медициналық анықтама ұсынылған жағдайда, мынадай жағдайларда дәлелді себеп болып танылады:

- стационарлық емделуден өту, оның ішінде күндізгі стационар жағдайында емделу;
- инфекциялық ауруды стационарлық жағдайда емдеу.

Медициналық анықтама Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларына сәйкес беріледі.

- Білім алушы медициналық анықтаманы ол жабылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Университеттің тиісті институтына ұсынуға міндетті;
- Көрсетілген себептер бойынша босатылған оқу сабақтары Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде өтелуге жатады.

8. Емтиханға жіберу шарттары

Емтиханға жіберілу үшін білім алушы пән бойынша оқу үдерісін сабақтың барлық түрлері бойынша толық аяқтауы тиіс.

Емтиханға жіберудің шарттары:

$$1.\ \frac{(\text{МБ1} + \text{МБ2})}{2} \geq 50$$

2. Емтиханға жіберу рейтингісінің (ЕЖР) бағасы кемінде 50 балл болуы қажет.

$$\frac{(\text{АБ1} + \text{АБ2})}{2} \geq 50$$

мұндағы **АБ1** және **АБ2** – ағымдағы бақылау **МБ1, МБ2, АБ1$_{\text{жалпы}}$, АБ2$_{\text{жалпы}}$** коэффициенттері арқылы келесі формула бойынша есептеледі:

Р1 (н/е Р2) = 0,7 х АБ1$_{\text{жалпы}}$ (н/е АБ2$_{\text{жалпы}}$)+0,3 х МБ1(н/е МБ2)

Platonus ақпараттық жүйесінде емтиханға жіберу рейтингісі ЕЖР және ағымдағы рейтинг АБ1, АБ2 автоматты түрде есептеледі.

Оқытушы білім алушының сабаққа 100% қатысу, барлық оқу тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындау (0 балл тапсырманың орындалмағанын білдіреді) және әрбір межелік бақылау (МБ1 және МБ2) бойынша кемінде 50 балл алу шарттары орындалған жағдайда, емтиханға жіберу рейтингісін емтихан бағасы ретінде «автомат» түрінде қоюға құқылы.

9. Қорытынды бақылау (Емтихан)

9.1. Білім алушылардың құқықтары:

Білім алушы:

- <FX> алған жағдайда академиялық күнтізбеге сәйкес оқу пәнінің/модулінің оқу бағдарламасын қайта өтпей, пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) бір рет қайта тапсыруға;
- <F> бағасын алған жағдайда тиісті оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, сабақтың барлық түріне қатысуға, оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмыстарының барлық түрін орындауға және пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыруға емтихан бағасы қойылғаннан кейін 24 сағат ішінде апелляцияға беруге құқылы.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілген немесе апелляцияның нақты себебі көрсетілмеген өтініштер қаралмайды.

9.2. «Автомат» түрінде жіберілген білім алушыға оқытушы қорытынды бағаны (емтихан бағасын) оның емтиханға жіберу рейтингіне сәйкес қояды. Білім алушы қойылған бағамен келіспеген жағдайда, белгіленген тәртіппен емтихан тапсыруға құқылы. Оқытушы білім алушының сабаққа 100% қатысу, барлық оқу тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындау және әрбір межелік бақылау (МБ1 және МБ2) бойынша кемінде 50 балл алу шарттары орындалған жағдайда, емтиханға жіберу рейтингісін «автомат» ретінде қоюға құқылы.

10. Оқу үлгерімінің қорытынды бағасы (ҚБ) емтиханға жіберу рейтингісінен (ЖР) – 60% және қорытынды бақылаудан (емтиханнан) 40% тұрады.

ҚБ есептеу формуласы:

$$\text{ҚБ} = 0.6 \times \text{ЕЖР} + 0.4 \times \text{ҚБ}$$

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бекітілді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке аудара отырып, оларды есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік баға	Сандық балдық эквивалент	Балл (%) мөлшері	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Орындаған:
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры **Байзакова С. М.**